

**АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ГУМАНИТАРЛЫҚ КОЛЛЕДЖ**

КӘСІПТІК ПРАКТИКА

Әдістемелік нұсқаулар

**Директордың оқу-өндірістік
ісі жөніндегі орынбасары
М.Асаинова**

2016 жыл

Хаттама №4 23.03.2016 ж.
Колледждің әдістемелік кеңесінің - ғылыми отырысында бекітілген

Утверждены
на заседании научно - методического совета колледжа
протокол №4 от 23.03.2016 г.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАЙҚАУ ПРАКТИКАСЫ

**Барлық мамандықтар бойынша
студенттерге көмек ретінде
әдістемелік материалдар**

Педагогикалық практика – болашақ ұстаздың мектебі Құрметті студенттер!

Кәсіби ұстаздарды дайындауда педагогикалық практиканың жүйесі өте маңызды болып табылады. Сіз біліммен білікті қаруланған кәсіби ұстаздардың еңбегіне араласып, олардың білім жолындағы жұмысының қиындықтарымен жақынырақ танысасыз.

Кәсіпті маман ретінде танылу үшін, сізге жұмыс барысындағы қиын да ұзақ жолдарға төзе білу керек.

Балалармен жұмыс істеуде оқу - тәрбие жұмысы сізден үлкен педагогикалық дайындықты талап етеді.

Педагогикалық практика барысында сізде төмендегідей маңызды кәсіптілік пен бейімділік қасиеттері бойыңызда қалыптасуы керек:

- Балалар ұжымын қалыптастыру керек;
- Балалармен жұмыс істеуде, оларды байқап, талдап, жоспарлау керек;
- Олардың ерекше дарындылығы мен танымдық қасиеттерін бақылап отыру керек;
- Балалармен өз бетінше тәрбиелік жұмыстарды өткізуің керек;
- Балалардың мәселесін түсініп, шеше білу керек;
- Өзіңіздің эмоциялық сезіміңізді ұстап, өз бойыңыздағы кемшіліктеріңізді жеңе білуіңіз қажет.

Практикада сіздің кәсіптік деңгейіңіз бен дайындық үрдісіңіз тексеріледі. Практика әрқашан ұзақ және үздіксіз жұмысты талап етеді, осыған сәйкес келешек ұстаздардың шеберліктері қаланады.

«Сабақ беру әдісін кітаптан немесе ұстаздардың сөздерінен үйренуге болады, бірақ бұл әдісті меңгеру ұзақ жылдар тәжірибені талап етеді».

Мұғалімінің сабақтағы тәрбиелік жұмысының мінездемесі:

1. Сабақ үстінде жүргізілетін тәрбиелік міндеттерді анықтау;
2. Бастауыш сынып мұғалімі сабақтың тәрбиелік міндетін жүзеге асыру жолын көрсетуі;
3. Бағаның тәрбиелік мүмкіндіктерін және оны қолдану мүмкіндіктерін бағалау; Өтілетін материалдың бастауыш сынып оқушыларының қандай сапасына, мүмкіндігіне байланысты құрылуы және тәрбиелік мәнін анықтап зерттеу;
4. Оқушылардың сабақ үстіндегі тәртібі мен жинақтылығының жағдайын сипаттауы;
5. Сыныпты баурап алуы мен қатар тез арада тәртіп пен жинақылықты орната білуі;
6. Бастауыш сынып мұғалімінің өз тарапынан оқушыларға тәрбиелік ықпалын анықтау;
7. Сабақ барысында мұғалім мен оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын анықтау.

Бастауыш сынып оқушыларының сабақ барысындағы танымдық шараларына сараптама

1. Сабақтың әр кезеңіндегі бастауыш сынып оқушыларының жұмыс жасау қабілеті мен балсенділігіне мінездеме беру;
2. Оқушылардың сабаққа, пәнге қызығушылығының жағдайын анықтау;
3. Оқушылардың мұғалім тапсырмасы бойынша өз бетімен жұмыс жасау дағдысын анықтау;
4. Оқушылардың логикалық ойлау мөлшерін бағалау;
- оқушылар өздігінен оқыған материалды мәнді бөлімдерге бөлуі;

- оқушылардың жауаптарын жоспарлай білу және есептердің шығару жолын жоспарлау;
 - оқушылардың фактілерді салыстыра білуі, мазмұнын түсінуі, заттар мен құбылыстардың белгілерін айыра білуі, өтілген материалдың негізгі мақсатын анықтай білуі;
 - оқушылар өзінің оқу жұмысының қорытындысына сыныптастарының жұмысының қорытындысына сараптама жасай білуі;
 - өз оқу ісін тексере білуі;
5. Оқушылардың сөйлеу дағдысын сипаттау;
 6. Оқушылардың графикалық дағдысын және оқулықпен жұмыс жасай білуін бағалау;
 7. Оқушылардың сабақта алған білімінің мөлшері мен алған практикада қолдана білу дағдысы.

Бағалау картограммасы
Тәжірибеден өтушінің мақсат қоя білуі және өзінің,
оқушының жұмысын жоспарлауы

Тәжірибеден өтуші :

1. Сабақты жоспарлағанда мақсат қоя білуі;
2. Оқушылардың психологиялық – педагогикалық ерекшеліктеріне байланысты сабақтың мазмұнын іріктеп алуы;
3. Мақсатқа байланысты дидактикалық материалдарды, көрнекіліктерді, ТСО – ны іріктеу;
4. Оқу материалының мазмұнын жоспарлау, танымдық шараларды ұйымдастыру түрлерін жоспарлау, сабақтың мақсаты мен міндетіне байланысты оқыту әдісін таңдау;

Оқушы:

1. Сабақтың міндетіне байланысты алдына мақсат қоя білуі;
2. Материалдардың мазмұнын қабылдау және ой елегінен өткізу;
3. Дидактикалық материалдармен, көрнекіліктермен, ТСО-мен жұмыс істей білуі;
4. Сабақтың міндеті мен мақсатына байланысты өз ісін жоспарлай білуі;

Тәжірибеден өтушінің өз ісін және оқушының
ісін тиімді ұйымдастыруы

Тәжірибеден өтуші:

1. Мақсат пен міндетке байланысты уақыт бойынша өз ісін тиімді ұйымдастыру;
2. Мақсат пен міндетке байланысты өзінің және оқушының жұмыс орнын тиімді ұйымдастыру;

Оқушы:

1. Мақсат пен міндетке байланысты уақытты тиімді пайдалануды ұйымдастыру;
2. Берілген нормативтерге байланысты жұмыс орнындағы ісін дұрыс ұйымдастыру.

Өз ісі мен оқушының ісіне сараптама жасау, бағалау,
қадағалау және дұрыс жолға қою

Тәжірибеден өтуші:

1. Өз ісіне өзіндік баға беру және өзіндік сараптама жасау;
2. Оқушының ісін бағалау және сараптау;
3. Оқушы өз ісін қадағалап жөнге келтіріп отыру.

Сабақ жоспарының үлгілі жүйесі

Ең алдымен тәжірибеден өтуші қандай сабақтан қандай сыныптан, мектепке сабақ жүргізеді. Толығымен өз аты-жөнін содан кейін әдіскердің аты-жөнін жазады. Содан кейін:

- Сабақ жабдықтары;
- Қолданған әдебиеттер;
- Сабақ жоспары;
- Жоспардағы сабақ саны.

Тәжірибеден өтушінің сабақ жоспарын бірінші әдіскері тексереді. Сабақ жоспары тексеріліп болғаннан кейін ғана жоспар дәптерге жазылады. Сабақ жоспары берердің алдында екі-үш күн бұрын дайын болу керек.

Сабақтың дайындығы ғана емес, безендірілуіне де көңіл бөлінеді. Педагогикалық тәжірибені басқарудағы тәжірибенің көрсеткіші бойынша оқушыларға ашық сабақтарға қатысуымен қатар оларға байқау сабақтары жүргізілуі керек. Студент мұғаліммен бірге кеңесе отырып сабақтың бір кезеңіне дайындалады және оны мұғаліммен бірге талдайды. Бұл студенттерге мұғаліммен бірге қалай жұмыс істеу керектігін түсінуге, алдын-ала қарым – қатынас жасауға үйретеді. Байқау сынақ сабағын өткізбес бұрын 1-2 толық сабақ жүргізу керек сонда ғана сынақ сабағы нағыз сынақ болады. Дайындалған және өз дережесінде өткізілген сабақ оқушының мінезін ғана емес сонымен бірге шығармашылығы мен қабілетін көрсетеді. Өздік жұмыстарға дайындық кезінде мұғаліммен және пән жетекшісімен, психология-педагогика ұстаздарымен, еңбек және өнер ұстаздарымен кеңесу керек.

Сабақ өткізгенде тәртіп мәселесі болады, тәртіпсіз алға қойған мақсатқа жету қиын:

1. Сабаққа қоңыраудан бұрын келіңіз, сабаққа бәрі дайын ба, жиһаздар дұрыс қойылған ба, тақта таза ма, соған көңіл бөлу керек. Оқушылардың толығымен амандасқанын қадағалаңыз, оқушыларға тұрып амандасқан қандай әдемі және оған аз уақыт кеткенін қадағалаңыз.

2. Уақытыңды журнал бетін іздеуге жіберме, оны қоңырауда дайында.

3. Оқушылардың қызығушылығын оятатындай, жағдаяттар ойын қозғалтатын сабақ жүргізуге тырыс. Білмейтін оқушыларға оқи алатындығына көзін жеткіз, сыныпты қадағалап отыр.

4. Басқа жұмыспен айналысып отырған оқушылардың сабаққа назарын аудартыңыз.

5. Сабақ қарқынын қадағалаңыз, оқушылардың қателерін түзетуге тырысыңыз. Жақсы баға алуға тырысыңыз.

6. Оқушыларды бағалап болып, жақсы қатысқан оқушыларды атап өтіңіз, бірақ көп қолдана бермеңіз.

7. Қоңырауда сабақты бітіріңіз, кезекші оқушыларды ескертіңіз.

8. Керек емес ескертулер жасамаңыз.

Сабаққа талдау дер кезінде жасалу керек немесе келесі күні. Студент бір күнде 3-4 талдау жасау керек, егер үлгермесе күнделікке жазып отыру керек. Сабақ өткізген студентке сабақ біткеннен кейін талдау жасау керек. Оның мінездемесі:

а) дайындығы, қолданған әдебиеттері, сыныпты дайындауы. Қиындықтарын ескере отырып, сабақ жүргізуі бойынша қателіктерін түзету керек;

б) қорытынды сабақ (жоспардан ауытқымау керек, қателігі мен жетістігі, себептері, сабаққа ой қосуын жақсарту түседі)

в) сабақ бойынша жетістігін қандай кездескен жетіспеушіліктерден, үсті-үстіне қосқан білімдерін тексеру, кездескен қателіктері қайталанды ма? Қатысушылардың талдау жасай білуге үйренуі керек? Бұған өзін-өзі қадағалау кестесі көмектеседі. Сабақ жүргізетін студентке сабақты талдауға әдіскері көмектеседі. Сабақ жүргізгенде тақырыпқа сай жаттығулар беруі керек. Сабаққа талдау жүргізер

алдында, қолданған әдіс-тәсілдерге байланысты жай ғана қолданып қоймай оның барысын қадағалау.

Егер қатысушы талдай жасай алмаса әдіскерден көмек сұрауы керек. Қатысушыға талдау жасау қатал қадағаланады:

- сараптама
- білім бергенде: дамытушылық және тәрбиелік мақсат беруді дұрыс қадағалау керек.
- қарым-қатынас (бірнеше сабақтарды салыстырып, әдіс-тәсіл арқылы жұмыс істейміз) қатысушының талдауы арқылы бағалайды.

Осындай сабақтың мақсаты: сабаққа қызығушылығын ояту, жан-жақты білімге үйрету. Сабақ пен әдіскерімен келісіп жасалады әрине психология - педагогикалық мұғалімнің келісімі болуы керек.

Сабақ барысын қадағалау

- 1.Сабақтың программаға сай болуы
- 2.Сабақ барысы,кезеңі, уақытқа сай келуі
- 3.Оқу принципіне сай келуі
- 4.Жаңа сабақ
- 5.Дамып келе жатқан принципке көңіл бөлу
- 6.Көрнекі жәрдем ақы қолданылған ТСО
- 7.Қорытындылау
- 8.Оқушының өз бетімен қатысуы
- 9.Ауызша және жазбаша тәжірибе
- 11.Оқушылардың білімін тексеру
- 12.Оқушылардың білімділігі тереңдігі
- 13.Бағаның келіспеушілігі,оған түзетулер
- 14.Үй жұмысын ұйымдастыру
- 15.Сабақ өткізілу темп
- 16.Айтылу мен жұмыс істеу
- 17.Фразеологиялық сөздік және стилистикалық жұмыс
- 18.Қарым - қатынастың дамуы, профессионалдык бағыт
- 19.Грамматика лексиканы оқыту
- 20.Оқу техникасы
- 21.Сөйлеу мәдениеті және жазу
- 22.Әдеби шығарманы оқу
- 23.Хаттама жұмыстарының сызбасы
- 24.Мұғалімнің сөйлеуі оның білімділігі
25. Мұғалім сөзі және оның жетістігі

Еңбек сабағының кесте нұсқасын талдау

1. Тақырыбы, мақсаты берілген сабақ жоспарлары болу керек.
2. Жұмыс орынын дайындау (қолданатын материалдар, құжаттарды дұрыс қолдану, оны қадағалау және бірге жұмыс орнында дайындау).
3. Сабақтың тақырыбын айтып оқушылардың алдына мақсат қою:
 - а) не істеу керек және не үшін оқушыларға проблемелық сұрақ;
 - б) берілген тақырыпты қолға алу үшін оқушыларды қадағалау.
4. Дайындалған үстіне дайындала түсу керек және пән аралық байланысты сақтау керек.
5. Дайын жоспарды тағы бір рет тексеріп қолдану керек.
6. Сабаққа дайындығын тексеріп, кемшіліктерін түзете отырып бағалау (көрнекілік, өзін-өзі бағалау, қадағалау)
7. Оқушы еңбегін бағалай отырып жұмыс қиыншылықтарына көмектесу.
8. Топпен жұмыс істеп,бір-біріне көмек көрсет.
9. Қорытынды сабақ мақсатына жетуі, оқушы еңбегін қадағалау,оқушы жетістіктері.

Бейнелеу сабағын талдау кестесі

1. Бейнелеу сабағына талдау мұғалімнің оқушыларға ұсынған жұмысы;
2. Бейнелеу сабағының мақсатына мінездеме, оқушыларға қолдануға болатын және тәрбиелік мәніне көңіл бөлінеді;
3. Талдау формасы және әдісі, мұғалім оқушыларға үйрете отырып берілген тақырыпқа тоқталып кетеді;
4. Мектеп оқушыларының өнер шығармашылықтарына мінездеме;
5. Мұғалімнің оқушыларға үйрету барысында «графикалық ұсыныс» т.с.с өз білгенін жеткізе алуы (қарындашпен есте қалған сызбаларды салу);
6. Технологиялық білім беру;
7. Бейнелеу сабағына мінездеме және мұғалімнің педагогикалық қабілеті;
8. Оқушы жауабын бағалай отырып, жұмыс қиыншылықтарына көмектесу;
9. Жұппен жұмыс істей отырып, көмек көрсету;
9. Сабақ жоспарына сай келуі және сабаққа дайындығы;
10. Ұсыныстар мен ескертулер.

Ән сабағын талдау кестесі

1. Сабақ барысында, қолданысы, әр түрлі әуендер қолдана алуы;
2. Сабаққа әдіс-тәсілдер қолдану;
3. Сабаққа дидактикалық материалдар қолдану;
4. Әуен арқылы бейнелеу;
5. Сабақ барысында тәрбиеге қол жеткізу;
6. Сұраныс және педагогикалық сабақты бағалау;
7. Ұсыныстар мен ескертулер.

Табиғаттану сабақтарын талдау кестесі

1. Сабақ типі;
2. Сабақ мақсаты: білімділік, тәрбиелік, дамытушылық;
3. Сабақ жоспары (тәжірибеден өтушіге, оқушыға) мақсатқа сай келуі, сабақ барысы;
4. Сыныптың сабаққа дайындығы;
5. Сабақ тақырыбында бір бөлімнен екінші бөлімге көшуі;
6. Сабақ кезеңімен мақсатқа жету:
 - а) Үй жұмысын тексеру, үй жұмысына байланысты сұрақ қою, анықтау;
 - ә) Қосымша жауап алу, күнделікті тексеру, оқушыны бағалау;
 - б) Жаңа сабақты түсіндіру, жаңа тақырыпты тақтаға жазу, пәнаралық байланыс жасау, табиғатқа сүйіспеншілігін ояту;
 - в) Сабақ әдіс-тәсіл қолданып оқушылардың жас ерекшелігіне көңіл бөлу;
 - г) Сабақ жайлы әр түрлі әңгіме көрініс арқылы топпен жұмыс жасау.
 - ғ) Өткізілген материалдарды тексеру.
7. Мұғалімнің білімділігі берілген материалдарды жақсы білуі сөйлеу мәдениеті
8. Сыныппен қарым-қатынасы сабақты қызықты өткізуі әртістік қабілеті болу керек.
9. Оқушылардың шығармашылық қабілеті: жұмысқа қызығушылығы, өз бетімен жұмыс істеуі, тәртібі.
10. Гигиеналық тәртіп сақтауы, сабақ барысында жұмысқа қабілеті.
11. Сабақ көрсеткіші, сабақтың мақсатына жету, қатысушылардың білімді меңгергендігі, сабақты қабылдауы.

**Жеке оқушыға оқылған – құрастырылған
психология-педагогикалық мінездемесінің үлгі кестесі**

1. Оқушы туралы жалпы мәлімет (тегі және туған жылы, сыныбы, жалпы қалыптасуы, денсаулығы, отбасы жағдайы, отбасындағы тәрбие)

2. Жұмысқа қабілеті (жұмыс істеуге қабілеті, қандай жұмысқа қабілеті бар екендігі, қатысушылығы, тәртібі, таңдайтын жұмысы, мектептен үйге берілген жұмыс)

3. Қоршаған ортамен қарым-қатынасы (сыныптағы оқушылармен қарым-қатынасы, топпен жұмыс атқаруы, сыныптастарымен берілген тапсырманы атқаруы, өз-өзін қоғамда көрсете алуы)

4. Мектепте сыныптастармен қарым-қатынасы (сыныптастар арасындағы орны, кіммен араласа алуы, сыныптастарымен қақтығыстары бола ма, оның себептері: мектептегі қарым-қатынас)

5. Тәртібі және мінезі

- жалпы үйдегі және мектептегі мінезі (өзін жақсы ұстайды және ұстамды, өзін-өзі қадағалай алады)
- бір күндік жоспар жасайды
- әке-шешесінің, мұғалімнің айтқанынан кетпейді
- тәртіпті көп бұзбайды

6. Оқушының темпераменті және жұмыс атқара алатындығы:

- қажеттілігі және қызығушылығы (әр түрлілігі тереңдігі, оқуға деген қызығушылығы т.с.с.)
- өз-өзіне және адамдармен қарым-қатынасы: қойып алатындығы, жуастығы, қарапайымдылығы, қоғамы өзімшілдігі, көмектескіштігі, ашық, адал, ұятшыл, білгіш т.с.с. жақсы және жаман мінездері.
- ешкімге ұқсамайтындығы және темпераменттік тип;
- көңіл-күй (көңілді, көңілсіз,) мінезінің ауыспалдылығы;
- әр нәрсеге қабілеттілігі.

7. Жалпы қорытынды

Үлгермейтін оқушыларға жекеше жадынама үйлесімі

Осы үлгермейтін оқушылармен жұмыс біріншіден сабаққа қызығушылығын жоғалтады, осыдан оқушыға көмек көрсету қызығушылығын ояту керек. Уақытша оқушыларға өз ойына көмектесуге сендіру керек, оқуға қызығушылығын ояту. Негізгі «карточка» арқылы көмектесуге болады:

- тақырыпқа немесе жаттығуға байланысты өз беттілік жұмыстың астарлы ойы болады;
- жұмыс сырт көз жүргізушілік, шығармамен жазады;
- кесте ретінде көмекші проблемалық тақырып, сызба сурет тақырыпты жеңілдетуге болады, оның көлемін әжептәуір уақыт бөлуі.

Тақырыпты толығымен тексергеннен кейін ғана қателері көрсетіледі. Осы кезде қатысушыларды қинауға болмайды (әр сабақта бір тақырыптан көп жұмыс беруге болмайды)

Негізгі үлгі ретінде іспеттес тақырыпқа және көрсету әдіс-тәсіл тақырыптың элементтері. Ізденіс тақырыптың мақсаты оқушыларды жаңа материалға дайындау және салыстыру.

Негізгі тақырыпты былай ұсынуға болады: ойлау тақырыбы проблемалық тақырып. Шығармашылық тақырып оқушының ой-өрісін дамытуға қажет. Мынадай ұсыныс жасауға болады: ізденіс мінездемесі.

Үлгермейтін оқушыларға арналған он жұмыс ережесі

1. Әр оқушыны қабілетіне сеніңіз, осы сенімді оғанда үйретуге тырысыңыз;
2. Есте сақтаңыз оқушы үшін материалды «түсінуге» арнайы кезең керек;

3. Асықтырмаңыз, шыдамдылық сақтаңыз;
4. Әр сабақ жалғастырушы, әрқайсысы өз үлесін қосады;
5. Оқи алмайтындарға өз-өзіне сендіру керектігін есте сақтаңыз, түсінеді, көбіне бір-біріне ұқсас тақырып беріңіз. Бірін-мұғаліммен шешіп, бірін-мұғалімге айтып отырып, үшіншісін өз бетімен жеке.
6. Үлгермейтін оқушының жұмысын мұқият қадағалаңыз, логикалық жұмыс, ойлау, сезім қызығушылығын қадағалау;
7. Жаңа сабаққа асықпаңыз. Оқытқаныңыздың бастысын алуға тырысыңыз, түсіндіріңіз, қайталаңыз, қорытындылаңыз;
8. Әр түрлі әдіс-тәсіл қолданыңыз;
9. Сыныпты тыңдата алыңыз, өз беттілікке үйретіңіз;
10. Есте болсын, үлгермейтін оқушы ұмтылады, одан жақсы және өте жақсы оқитын дәрежеге жетуге болады.

Педагогикалық тәжірибеден күнделік
«Мектептегі байқау сабағы»
20_____ -20_____ оқу жылы

Қатысушы _____

Топ _____ Гуманитарлық колледж

Бөлім 1. Жалпы мектеп және сынып туралы мәлімет
 (мектеп атауы)

Мектеп директоры _____
 (аты-жөні)

Оқу жұмысының меңгерушісі _____
 (аты-жөні)

Пән мұғалімі _____
 (аты-жөні)

Сынып _____ Сынып оқушыларының саны _____

Қоңырау уақыты және сабақ кестесі

апта күні	уақыт	пәндер	кабинет
Дүйсенбі	8.00-9.45	математика	218

Мұғалім үстелі

Ахметова Нұрилла, Болатов Самат, Қорабаев Серік,
 Иванов Саша, Зорина Наташа, Васильев Сережа т.с.с.

Бөлім 2. Байқау практикасын өту күнтізбелік жоспар

Бөлім 3. Мектептегі машықкер жұмысының мазмұны және талдау

К ү н і	Жұмыс Мазмұны	Психологиялық- педагогикалық талдау		Нұсқаулар	Баға
		жағымды	жетіспеу шілігі		

**Сыныптан тыс жұмыс технология
практикасын ұйымдастыруда**

Болашақ педагогтарды дайындау - сыныптан тыс педагогикалық практиканың ең маңызды бір бөлімі.

Кәсіби ұстаздарды дайындауда педагогикалық практиканың жүйесі өте маңызды болып табылады. Сіз біліммен білікті қаруланған кәсіби ұстаздардың еңбегіне араласып, олардың білім жолындағы жұмысының қиындықтарымен жақынырақ танысасыз. Кәсіпті маман ретінде танылу үшін, сізге жұмыс барысындағы қиын да ұзақ жолдарға төзе білу керек.

Балалармен жұмыс істеуде оқу - тәрбие жұмысы сізден үлкен педагогикалық дайындықты талап етеді.

Педагогикалық практика барысында сізде төмендегідей маңызды кәсіптілік пен бейімділік қасиеттері бойыңызда қалыптасуы керек:

- Балалар ұжымын қалыптастыру керек;
- Балалармен жұмыс істеуде, оларды байқап, талдап, жоспарлау керек;
- Олардың ерекше дарындылығы мен танымдық қасиеттерін бақылап отыру керек;
- Балалармен өз бетіңше тәрбиелік жұмыстарды өткізуің керек;
- Балалардың мәселесін түсініп, шеше білу керек;
- Өзіңіздің эмоциялық сезіміңізді ұстап, өз бойыңыздағы кемшіліктеріңізді жеңе білуіңіз қажет;

Практикада сіздің кәсіптік деңгейіңіз бен дайындық үрдісіңіз тексеріледі. Практикада әрқашан ұзақ және үздіксіз жұмысты талап етеді, осыған сәйкес келешек ұстаздардың шеберліктері қаланады.

«Сабақ беру әдісін кітаптан немесе ұстаздардың сөздерінен үйренуге болады, бірақ бұл әдісті меңгеру ұзақ жылдар тәжірибені талап етеді». Әдістемелік нұсқау сыныптан тыс тәрбиелік практикада және келешек студенттермен жұмыс істеуде қажет етіледі.

Сабақ үстіндегі оқушының білімі мен практикадағы оқушының білімін бағалау

1. Оқушылар мақсат қоя білу керек және өзінің іс - әрекетіне жоспар жасай білу керек.

Практикант

Өз сабағын жоспарлап, оның мақсатын анықтау.

Сабаққа қатысты кейбір мәліметтерді психология, педагогика жағынан ажырату.

Дидактикалық мәліметтерді жинап, техникалық оқудың мақсатымен байланыстыру.

Жоспарланған сабақта танымды іс - әрекет түрлері мен әдістерді пайдаланып, мақсатқа жету.

Оқушы

Сабақтың тақырыбына байланысты өз алдына мақсат қою. Ақпаратты қабылдап, жүйеге келтіру. Техникалық оқуға қарап отырып, дидактикалық мәліметтермен жұмыс істеу. Өзінің іс-әрекетін жоспарлап, сабақтың мақсатымен байланыстыру.

Практикант өзінің іс- әрекеті мен оқушыларды тиімді ұйымдастыра білу қабілеті.

Практикант:

Өзінің іс – әрекетін сабақ үстінде мақсаттары мен тапсырмаға сәйкес тиімді ұйымдастыру.

Өзінің жұмыс орнымен оқушының орнын сабақ мақсатына сәйкес тиімді ұйымдастыру.

Оқушы:

Өзінің сабақ үстіндегі іс - әрекетін берілген тапсырмалар мен мақсатқа байланыстырып, ұйымдастыру.

Өзінің іс - әрекетін жұмыс орнында берілген тапсырмамен байланыстырып, ұйымдастыру.

Практикант өзінің іс - әрекеті мен оқушыларға талдау жасап, бағалай білу қабілеті

Практикант:

1. Өзінің іс - әрекетіне өз бетімен талдау жасап, бағалай білу керек.
2. Оқушының іс- әрекетіне, біліміне, талдау жасап, бағалау.

Оқушы:

1. Өзінің іс - әрекетіне өз бетімен талдау жасап, бағалай білу керек.
2. Басқа оқушылардың іс-әрекетін бақылау және бағалау.
3. Өзінің іс- әрекетіне бақылау жасау.

Алгоритмнің қызметі

Практикант пен оқушылардың әрбір топтама көрсеткішін байланыстыру.

Дамыған қабілетке - 2 балл, дамушы қабілетке – 1 балл, қабілет жоқтығына - 0 балл.

Балл саны қанша көп болса, әрбір топтамада соншалықты жоғары деңгей болады.

Баяндамамен жұмыс

Баяндамаға дайындық бөлімдері:

1. Баяндаманың мақсатын анықтау;
2. Баяндамаға керекті мәліметтерді жинау;
3. Баяндамаға жоспар құру және жинақталған мәліметтерді бөлу;
4. Баяндаманың құрылымы: кіріспе жасау, кіріспе сабақты анықтау, мазмұндау, растау, қорытындылау;
5. Баяндаманың композициясын рәсімдеу;
6. Баяндаманың композициялық – логикалық мазмұнын терең және нақты ашу;

Баяндаманың жоспары ішкі құрылымнан тұру керек. Ол алдын – ала құрылған тақырып пен оның кестесі және бір сұрақтан екінші сұраққа көшу. Баяндаманың композициялық рәсімделуі дегеніміз оның шын сыртқы тілдік құрылымы, ондағы баяндаманың мақсаты стилистикалық айырмашылықтары, көлемі, рационалдық және эмоциялық сәттерінің сәйкес келу бөлімшелерін ашу.

Тәрбие ісінің талдау сызбасы

1. Талдау бөлімі, мақсаттың нақтылығы, тәрбие жұмысының тапсырмасы

- Студенттердің алдындағы тәрбие жұмысының мақсаты?
- Тәрбие жұмысын өткенде сыныптағы атмосфера?
- Тәрбие жұмысының қандай тапсырмасы тәрбиенің шешіміне себеп болды?
- Құрал – жабдықтар тәрбие жұмысының мазмұнын ашуға жауап бере ме?

2. Жоспар бөлімінің талдауы

- Тәрбие жұмысы мен тапсырмасы мақсатқа сәйкес келді ме?
- Жоспарлауға балалар қатысты ма?

3. Тәрбие жұмысына дайындық бөлімі

- Тәрбие жұмысын өткенде оқушылар қалай қабылдады?
- Оларға рөл мен тапсырмалар қалай бөлінді?
- Тәрбие жұмысы кезінде балаларда қандай қабілет, тәжірибе, мінез – құлық айырмашылықтары жетіледі?
- Тәрбие жұмысының сапасы оның өтуіне қандай септігін тигізеді?

4. Тәрбие жұмысына талдау жасау бөлімі

- Тәрбие жұмысының мақсаты орындалды ма?
- Мақсаттары мен тапсырмалары толығымен ашылды ма?
- Тәрбие жұмысының өткізілуі оқушылардың қызығушылығын оятты ма?
- Тәрбие жұмысының тәрбиелік жетілідіру,
- Тәрбие жұмысының өткізілу әдісі оның тапсырмасына сәйкес келді ме?

5. Машықкердің педагогикалық қабілеті мен тәжірибелері

- Ұйымдастыру қабілеті;
- Эрудиция, тіл мәдениеті;
- Педагогикалық ситуацияларды шешуде қабілеттілік көрсету;
- Тәрбие жұмысының өткізілуіне жеке іс - әрекет жасау;

Мұғалімнің сабақ үстіндегі тәрбиелік іс-әрекетіне мінездеме

1. Сабақта шешілетін тәрбиелік тапсырмаларды анықтау;
2. Тәрбие тапсырмаларының шешілу жолдарын көрсету;
3. Мұғалімнің тәрбиелік баға беру қабілетін анықтау;
4. Мұғалім өзінің тәрбиелік қабілетін, өтілетін мәліметтер мен қолданылатын әдістерін,
5. Оқушылардың даму қабілетін талдау;
6. Оқушылардың сабақ үстіндегі ұйымшылдығымен сабақ өту әдісіне мінездеме беру;
7. Оқушыларды тәрбиені сақтауға шақыру біліктілігін талдау;
8. Мұғалімнің жеке тұлға ретінде оқушыларға тәрбиелік дәріс беру септігін мінездеме беру;
9. Мұғаліммен оқушылардың арасындағы қарым – қатынасты сабақ жүргізу әдісін анықтау;

Сыныптан тыс жұмыс түрінің тақырыптары

- 1.«Аналар күні» мерекесі
- 2.«Анамның қолы» шығармашылық жұмыс
- 3.«Отбасы күні» мерекесі
- 4.«Әке жыры» сынып сағаты
- 5.«Сіз өз балаңызды білесіз бе?» пікір – талас
- 6.«Ата –анамен бала қарым - қатынасы» ойын түрінде
- 7.«Ата – аналар беделі» жиналыс
- 8.Отбасы экономикасы
- 9.«Шырақ жалыны» поэзиялық кеш
10. Жас суретшілер көрмесі
11. «Менің алғашқы өлеңім» фестиваль
12. «Біртектілер» жарысы
13. «Біртектілер» атты көңілді кеш
14. Біртектілер көңілді эстафетасы
15. Өткен заманға саяхат
16. «Табиғат үлкен байлық па әлде, тек адам өмір сүру ортасы ма?» атты пікір – талас
17. Қазақстанның алғашқы ұшқыштары
18. Наурыз достарды шақырады
19. «Бесік жыры» мерекесі
20. «Жастар және жас батырлар» сайысы
21. Отбасы қонақтар күтеді
22. Ұлттық дәстүрлер кеші
23. «Жігіт сұлтаны» сайысы
24. «Ұлттық ойындардың тарихы» сынып сағаты
25. Әже сандығының сыры
26. Халық батырлар кеші
27. Атам әжемнің жанында
28. Қара үй. Үй әлем
29. Менің шежірем
30. Ұлттық киімдер кеші
31. Мақал – мәтел- халық өнері
32. Бұл мен және бәрі мен жайында

Оқушылардың тәртібін анықтау кестесі

Күні _____

Аты – жөні _____ жасы _____

№	Оқушылар тәртібінің Тізімі	мүлде жоқ	сәл ғана	жетерлік тей көп	өте көп
1.	Үлкендер мен құрдастарға деген сыйластық				
2.	Өз сезімін бақылай біле ме?				
3.	Өзгелердің ойын тыңдай біле ме ?				
4.	Шындықты айта ма?				
5.	Өз жасына сай өз - өзін ұстай ала ма?				
6.	Шыншыл болуға тырыса ма?				
7.	Ұқыпты ма?				
8.	Батыл ма?				
9.	Көз-қарасын ұстай ала ма?				
10.	Келіспеушілік сезімін ұстай ала ма?				
11.	Қиын жағдайларға төзе ала ма?				
12.	Өз - өзін қорғай алады ма?				
13.	Дені сау ма?				
14.	Өз - өзін ұстай ала ма?				
15.	Көмекті керек ете ме?				
16.	Лидер болуға тырыса ма?				
17.	Әділдікті біле ме?				
18.	Өзінің қатесін мойындай ма?				
19.	Сыныптастарымен бірге ме?				
20.	Жақсы қабылдай ма?				

Ұжым диагностикасы Тәжірибелік әдістер

1. *Тікелей сұрақтар:*
 - Сенің ойыңша дос дегеніміз не?
 - Қандай адамды адал дос деп санауға болады?
2. *Шығарма:*
 - Досымның көрінісі
 - Менің сынып – ұжымым...
3. *Әлеуметтік әдістер:*
 - Ең бірінші кімді қонаққа шақырасың?
 - Ең бірінші, екінші, үшінші кімге сыйлық жасайсың?
 - Сыныптастарыңның ішінде кімге сыр айтар едің?
 - Сыныпта кімнен ақыл сұрар едің?
4. *«Маған өзім жайлы айтшы» әдісі*

«Бәрі мен және менің отбасым жайында» сауалнама

- Отбасы мерекесі маған өте ұнайды, қашан...
- Менің туған күнімде ағам (әпкем) әрқашан...
- Балалық кезді еске түсіргенде, ерекше орын алатыны.
- Мен үйге келгенде бауырсақтың иісін сезгенде, мен...
- Мен үйге шаршап келгенде, мен...
- Жаңа жылда бізде бәрі дәстүрлі...
- Бала кезімде мен атаммен көбіне...
- Мен жылағанда көбіне маған...
- Менің інім жылағанда, мен жай ғана...
- Маған үйде «Жұмыртқа тауықты оқытпайды» дегенде...
- Менің туған күнімде, мен...
- Менің көңіл – күйім нашар болғанда, менің анам...
- Менің әжемнің туған күнінде мен әрқашан...
- Бізге қонақтар келгенде...
- Үйде пирог жасағанда...
- Анам «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» дегенде...
- Менің әжем «Көз көреді, бет ұялады» дегенде...
- Менің әжем «Ұялмаған жолда қалмайды» дегенде...
- «Асықпаған арбамен қоянға жетеді» дегенді естігенде...

Сынып сағаты: «Менің шежірем»

ТАПСЫРМАЛАР: Өзінің шежіресіне, салт – дәстүріне, отбасы тарихына деген қызығушылық сезімін ояту; Отбасы салт – дәстүріне деген ой - өрісін дамыту; Ата – баба тектерін сақтауға тәрбиелеу; Өзінің отбасына деген мақтаныш сезімін, ата – бабасына деген сыйластығын қалыптастыру.

Конкурс 1. «Сенің есімің»

- а) Сіз өз есіміңіз жайлы білесіз бе? Қандай мағынаны білдіреді?
- б) Ата – аналар туралы ән.

Конкурс 2. «Адам есімі жайлы өлеңдер»

- (бұл өлеңді кезекпен айтады, ең соңғы орындаған адам жеңімпаз атанады).

Конкурс 3. «Сіз қай жерденсіз?»

- Сіз қай жерденсіз деген конкурсты бастаймыз.Сізге есімді ата – анаңыз қойды. Ал тегіңіз ше? Сіздің әкеңізге атаңыздан берілді, ал атаңызға оның атасынан берілді. Ең бірінші кім болған және ол неге олай аталған?

- Конкурс 4. «Менің шежірем»

Қазір өткен өмірге шолу жасайық.Әрбір адам өзінің ата – бабасын білу керек. Ол бізге ертеден солай жеткен. Қараңыздаршы, біздің шежіреміз қандай керемет! Шежіреге үңілсек. Сіздің ата – бабаңыз, сіздің түбіріңіз – сіздің шежіреңіз. Келешекте сізде ұрпақ жалғастырушысыз, сіздің немерелеріңізде сізді мақтан тұтатын болады. Алыста жүрсекте бір–бірімізбен туыстық қатынаста екендігімізді мойындаймыз. Біз үлкен бір талдың тамыры мен жапырақтарымыз. Сондықтанда адамдар өздерінің туып өскен жерін отан деп атайды.

- Конкурс 5. «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда»

Жарысқа қатысушылар бұл жөнінде мақал–мәтелдер іздейді. Әрбір топтан бір ойыншы шығып, жазған мақал – мәтелдерін оқиды. Кімде көп мақал – мәтел болса, сол жеңімпаз атанады.

Конкурс 6. «Ұлттық отбасы тағамы».Әркім алдын – ала дайындаған ұлттық тағамдарын ұсынады және дайындау әдісін көрсетеді.

Педагогикалық практика күнделігі
20__ жылдан - 20__ жылға дейін
«Сыныптан тыс жұмыс технологиясы»

Гуманитарлық колледждің

_____ тобы студенті аты – жөні, тегі

1. Бөлім. Мектеп және сынып туралы жалпы мағлұмат

_____ Мектептің атауы

Мектеп директоры: _____
(Аты-жөні, тегі)

Тәрбие ісінің меңгерушісі: _____
(Аты-жөні, тегі)

Сынып жетекшісі: _____
(Аты-жөні, тегі)

Сынып: _____

Сынып оқушыларының тізімі:

- 1.
- 2.

II-Бөлім. Сабақ және қоңыраулар кестесі

III-Бөлім. Мектептегі машықкердің тәрбие жұмысының мазмұны.

К ү н і	Жұмыс мазмұны	Психологиялық- педагогикалық талдау		Ұсыныстар	Баға
		жағымды	жетіспеу шілігі		

**Педагогикалық практиканың бағдарламасы
«Сыныптан тыс жұмыс технологиясы»**

К Ү Н І	Жұмыстың мазмұны	Ұйым дасты рылған жұмыс	Бірлес кен жұмыс	Жауап тылар
	1. Мектеппен, сыныппен, сынып жетекшісімен танысу.			
	2. Сынып жетекшісінің жоспарын оқу. Күнтізбелік жоспардың құрылуымен, педагогикалық практиканың өтілуімен танысу.			
	3. Оқушылармен, оқытушының тәрбие жұмысының жоспары жөнінде әңгіме жүргізу.			
	Педагогикалық практиканың күнтізбелік жоспарының құрылуы.			
	4. Балаларды оқыту әдісі.			
	5. Үзіліс			
	6. Мұғалімнің тәжірибесі мен сабаққа қатысуы.			
	7. Жеке оқушымен танысу 8. Тәрбие бөлімі			
	Күнделік мазмұны			
	9. Бірлесіп және топтасып жасалған жұмыс.			
	10. Сынып бұрышының әзірленуімен жұмыс.			
	11. Ата-аналарға арналған анкетаға дайындық және оны өткізу.			

**Сыныптан тыс кештерге дайындалу бойынша
нұсқаулар**

1. Аты
2. Мақсат, міндеттері
3. Құралдар
4. Өткізу формасы
5. Барысы

Атында сыныптан тыс кешінің тақырыбы шығады. Ол формасы бойынша ықшамдалған, тартымды болу керек және мазмұнын нақты айқындау керек.

Мақсат: жұмыстың жалпы бағыты ретінде қалыптасады.

Міндеттері: нақты сапаларды дамытуға бағытталуы керек, сыныпқа қатынасы және кештің мазмұнын ашу керек.

Құралдар: түрлі көрнекіліктер, ойыншықтар, сызбалар, әдебиет, декорациялар, аудио-видео жазбалар.

Формасы: викторина, конкурстар, сачхаттар, сайыстар және т.б.

Мазмұны: кеш тәрбие әдістерінің мазмұнын бейнелейді.

Сабақтың барысы негізгі төрт кезеңнен тұрады:

1. Ұйымдастыру кезеңі (1-3 минут).

Мақсаты: балаларды жұмыстың басқа түріне ауыстыру, қызығушылықтарын ояту және жағымды эмоцияларын ояту.

2. Енгізу бөлімі (9-15 минут).

Мақсаты: балаларды белсендіру, оларды шығармашылық істерге қатыстыру түрлі әдістерді қолдануға болады:

ребус, кроссворд, шараду, басауыртқыштар, мәселелі әңгімелер және т.б.

3. Негізгі бөлім (20-25 минут), уақыты бойынша ең ұзағы.

Мақсаты: кештің негізгі идеяларын іске асыру ерекше эмоционалдық атмосфераны қажет етеді.

4. Қорытынды бөлім (9-11 минут). Рефлексия.

Мақсаты: алған тәжірибелерді балалармен жүйелеу.

Нақты тапсырмаларды қолдану: кроссвордтар, кіші-викториналар, ойын жағдайлары формасында және т.б.

Балаларды бақылауға күнделік жүргізу

Бақылау күнделігіне қалың дәптер арнаған дұрыс. Әр балаға 3 - 4 беттен арнау керек.

1 бетіне келесі мағлұматтарды енгізуге болады:

- Баланың аты-жөні;
- Туған күні, айы, жылы;
- Ата - анасы туралы мәліметтер: аты-жөні, жұмыс орындары;
- Тұратын жері;
- Отбасы құрамы;
- Тұрмыс жағдайлары;
- Баланың денсаулығы.

Күнделік жүргізу барысында баланың әр жағдайда өзін әр түрлі көрсетуі туралы үнемі жазып отыру.

Балаларды бақылауға, зерттеуге болатын негізгі бағыттар:

I. Жақсы көрсетулер:

1. Жақсы сапалары;
2. Баланың қызығушылығын дамыту, тереңдету, тұрақтату;
3. Бастама, өз бетімен.

II. Ұжымға қатынасы:

- Бала өзін ұжымда қалай сезінеді;
- Жолдастарына қалай қарайды;
- Кіммен ойнауды ұнатады;
- Кіммен достасады;
- Басқа балалардың оған қатынасы.

III Еңбекке қатынасы:

- Еңбек машығының дәрежесі;
- Еңбектің қандай түрімен қызығады;
- Жұмыс барысындағы тәртібі;
- Бастаған ісін аяқтай ма;

IV. Ойлау қабілетінің ерекшеліктері:

- Қандай білімі бар?
- Көңілі, қабылдау, есте сақтау ерекшеліктері;
- Сөйлеу, сөздік құрамды дамыту.

Күнделікте балаларды күнделікті өмірде бақылау нәтижесі болуы қажет. Күнделік практиканттың жұмыс тәжірибесін өзіндік жалпылау болып табылады.

Сынып оқушыларының ұжымын зерттеу сызбасының үлгісі

1. Оқушылар ұжымы туралы жалпы мәліметтер

(сынып қашан қалыптасты; ондағы оқушылар саны; олардың ішіндегі ұлдар және қыздар; оқушыларды үлгерімі бойынша бөліп тастау және т.б.).

2. Сынып ұжымының іскер (формальдық) құрылымына мінездеме:

- сынып оқушыларының ұйымшылдық және ұйымдастырушылық қабілеттері (кіші сынып оқушыларының педагогикалық талаптарға қатынасы; ұжымдағы қоғамдық ойлардың барлығы, өзара талап ету және өзара көмек беруді көрсету; белсенділердің өзіне және ұжымның басқа мүшелеріне талап қоя білуі, бірігіп жұмыс жасауды және өзара бақылауды ұйымдастыра білу).

3. Сынып ұжымының дербес құрылымының мінездемесі:

- сыныптағы қалыптаспаған лидерлердің барлығы, олардың сыныпқа және бөлек оқушыларға ықпалы;

- қалыптаспаған топтардың барлығы, оның себебі, олардың істерінің бағыттылығы, оқушылардың топқа бірігу негіздері, олардың сынып жұмыстарына қызығушылық деңгейлері;

- қыздар және ұлдар арасындағы өзара қатынасының ерекшеліктері; сынып оқушыларының арасында жолдастық, достық қатынас және т.б.

4. Сынып ұжымы жұмыстарының мазмұны:

- оқушылардың оқу-танымдық жұмыстары (бөлек пәндер бойынша оқушылар үлгерімінің жалпы мінездемесі, оқу жұмыстарына өзара көмек беретін ұйымдар, сабақтағы тәртіп, үй тапсырмасын өзіндік орындау дәрежесі және т.б.).

- оқушылардың оқудан тыс жұмыстары (бірлескен жұмыстар түрлері және оларға кіші сыныптардың қатысуы; оқудан тыс жұмыста оқушылардың белсенділік және дербестік көрсетуі; оқушылардың үйірмелерге, спорттық секцияларға, шығармашылық ұжымдарға қатысуы; сынып оқушыларының қосымша білім мекемелеріне баруы және т.б.).

5. Жалпы тұжырымдар:

- сынып ұжымының даму деңгейінің мінездемесі;
- сынып ұжымының тәрбиелік деңгейінің мінездемесі;
- оқушылар ұжымын алдағы қалыптастыруға ұсыныстар.

Машықкер міндеттенеді:

- мектептің жұмыс кестесі мен ішкі ережелерін сақтауға;
- өз сыныбындағы сабақтарға сабақ басталарда келіп, біткен соң кетуге;
- мұғалімдер мен машықкер-студенттерді аты-жөнімен атауға;
- мектеп оқушыларымен, мұғалімдермен, ата-аналармен, оқытушылармен сыпайы, мұқият, жақсы қарым-қатынас жасауға;
- практиканың барлық міндеттерін орындауға. Есептері мен мінездемелерін 12.03.2010ж. дейін колледжге 104 кабинетке тапсыруға.
- этикет талаптарын сақтауға, мұғалім мамандығына сәйкес киінуге;
- практиканы босатқан жағдайда (ауырған немесе басқа да себепті жағдайларда), кешіккенде, мектепке телефонмен хабарласу; мектепке келген бетте бірден оқу ісінің меңгерушісіне жолығып, практикадан кешіккен, босатқан себептерін түсіндіріп, қажетті құжаттарды тапсыруға;
- мұғалімдерді өзінің сабаққа келгендігі жөнінде хабарландыруға.

Студент тиісті емес:

- мектепте сырт киіммен және бас киіммен жүруге;
- сыныпқа қоңыраудан кейін кіруге;
- сабақ үстінде кіруге;
- мектепте немесе мектеп маңында шылым шегуге;
- жағымсыз қылықтар көрсетуге немесе тәртіпсіздік көрсетуге.

Студент мектеп әкімшілігінің, мұғалімдердің, әдіскерлердің, директордың оқу-өндірістік жұмысы бойынша орынбасарының көмегіне жүгіне алады.

« _____ » пәні бойынша

«Сыныптан тыс жұмыс технология» практиканың қорытындысының есебі

_____ (Аты – жөні), топ студенті

1. Практика қай мектепте және сыныпта өткізілді. Оқытушымен, әдіскер.
2. Практика бағдарламасы, оның тапсырмасы және барлық жұмыс түрі.
3. Сынып сағатына дайындықпен, өтілуіне талдау жасау.
4. Қай мұғалім сіздің қолданған әдістеріңізді қолдап, өз сынып сағаттарында қолданды?
5. Тәрбие жұмысының әдістерінде жаңадан нені білдің және үйрендің?
6. Тәрбие жұмысында жаңа технологияларды қолдану әдісі.
7. Сынып сағатына дайындық пен өткізілу кезінде қандай қиындықтарды сездің және әдіскер мен педагогикалық практика мұғалімі қандай көмек көрсетті?
8. Тәрбие жұмысының әдісі қандай дәрежеде?
 - теориялық білімнің педагогикадағы, психологиядағы және әдістемедегі сапасы;
 - оларды практикада қолдана білуі;
 - Сіздің тәрбие жұмысыңыз мақсат пен тапсырмаға сәйкес келді ме?
 - Практикалық әдіске дайындық пен өткізу кезінде ұйымдық шығармашылық жұмыс пен оқушылардың танымдылығын ұйымдастыру;
 - Сыныптан тыс тәрбиелік жұмыс кезінде балаларды ұйымдастыра білу;
9. Практика әдіскері мен педагогика - психология мұғалімінің атына тілек;
10. Сынып жетекшісінің жұмыс әдісін қандай дәрежеде қолдандыңыз:

Ескертулер үшін

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАЗҒЫ ПРАКТИКА

**Барлық мамандықтар бойынша
студенттер және колледж әдіскерлерге арналған
әдістемелік нұсқаулар**

Құрметті оқушылар!

Жазғы практика балалар мен жеткіншектер өміріне, психикасын және денсаулықтарын, сапалы демалыстары мен дамуын толық жауапкершілікке алатын өзіндік педагогикалық жұмыс болып табылады.

Бұл жұмыстың уақыты мен өтетін орны да ерекше. Демалыс уақыттары балалар өздерін, қоршаған ортаны мүлдем басқаша қабылдайды және өздерін күтпеген жақтардан көрсетеді. Сондықтан да лагердегі дене тәрбиесі-спорттық жұмыс мұғалімдерінің қызметі көпфункционалды және түрлі білім мен икемділікті талап етеді. Балалар сауықтыру лагері сіздер үшін тек педагогикалық практикадан өту орны ғана емес, сонымен қатар тәрбие факторы әрі кәсіби қалыптасу болып табылады.

Сауықтыру лагеріндегі дене тәрбиесі

Дене тәрбиесінің міндеттері – денсаулықты орнықтыру, қозғалыс икемділіктерін дамыту, балалардың дене тәрбиесі және спортқа деген қызығушылықтарын ояту.

Негізгі талаптар:

- 1) балалар жасына сәйкес келу (7-9,10-11,12-13,14-18 жас), олардың денсаулық жағдайларын, дене тәрбиесін дамыту және дайындық;
- 2) лагерь режимінің бір бөлігі болу;
- 3) балалар қызығушылығына жауап беру;
- 4) дене тәрбиесі сабақтарын өзіндік, жүйелікке тәрбиелеу;
- 5) әртүрлі болу.

Дене тәрбиесі жұмысының формалары

- 1) күнделікті таңертеңгілік гигиеналық гимнастика;
- 2) дене тәрбиесіне дайындықпен айналысу;
- 3) тұрғылықты жерлерде жорық ойындары;
- 4) үйірмелер;
- 5) жүзуді үйрену;
- 6) спорттық жұмыстар;
- 7) дене тәрбиесі және спорттық кештер
- 8) нұсқаулар.

Сауықтыру лагеріндегі міндеттер

Лагерь менгерушісі және топ жетекшісі:

- 1) жалпы басшылық етеді, лагерьдегі дене тәрбиесі ойындарына жауап береді;
- 2) сабақ өткізу жағдайын жасайды;
- 3) дене тәрбиесі жұмыстарын бақылайды.

Дене тәрбиесінің жетекшісі

- 1) лагерь топ жетекшілерімен бірігіп спорттық-массалық жұмыстардың жалпы жоспарын құрады;
- 2) тәрбиешілермен, топ жетекшілерімен, дене тәрбиесі белсенділерімен нұсқау өткізу;
- 3) топтардың үйірме сабақтарын ұйымдастырады;
- 4) таңертеңгілік гигиеналық гимнастиканы, тұрғылықты жерлерде серуендер, ойындар өткізеді;
- 5) жүзу жөніндегі жетекшіге көмек береді.

Жүзу жөніндегі нұсқаушы

- 1) дене тәрбиесі жетекшісімен бірігіп спорттық жарыстар өткізеді;
- 2) жүзуге үйретеді;
- 3) жүзу құралдарын дайындайды.

Ертеңгілік гигиеналық гимнастика

Жаттығу күн сайын 15 минут аралығында өтеді. Ауа райы жақсы күндері жаттығу алаңда немесе стадионда барлық топпен бірге өтеді. Жауынды-шашынды күндері жаттығу жақсы желдетілген жайларда өткізіледі. Жаттығудағы киім қалпы.

Ауа райы жылы күндері балалар жаттығуға жеңіл спорттық киімдерін киеді (майка, шолақ дамбал); суық күндері жаттығуға арналған қалың киімдерін киеді. Жаттығу жүргізу барысында балаларды топтық колонналар линиясына сапқа тұрғызады. Жетекші жалпы қатардың ортасында бірінші саптан 10-15 м қашықтықта тұруы керек.

Тәрбиешілер және топ жетекшілері өз жасақтарының қатарына қарап ертеңгі гигиеналық гимнастиканы орындайды. Бір мезгілде олардың тәртіптері мен жаттығуды дұрыс орындауларын қадағалайды. Жаттығуға дәрігер қатысуы қажет (медбике). Ертеңгілік гигиеналық гимнастика жетекшінің «Қайырлы таң, балалар!» деген амандасуымен басталады. Ертеңгілік гигиеналық гимнастика 8-12 жаттығудан тұрады. Комплекс ортасында жүктеме бірте-бірте көтеріледі, ал соңғы 2-3 жаттығуда қайта төмендейді. Жаттығу орындау барысында демалу мүшелерін, сымбаттылықты сақтау, жаттығуларды қажырлы, айқын істеу қажет. Әрбір комплекстік жаттығулар 6-10 рет орындалады. Комплекс жүру, бір орында тұрып жүгіру немесе дистанцияны ұстап тартылу және демалу жаттығуларын жасаудан басталады; қолға, денеге, аяққа жаттығулар жасау, құрама жаттығулар, комплекс соңында демалу жаттығуларына сәйкес секіру және орында жүру (1минут) жаттығулары.

Бірінші мезгілге ертеңгілік гигиеналық гимнастиканың 2-3 комплексін үйреніп алулары керек, топтар арасында ертеңгілік гигиеналық гимнастиканың үздік орындаушысы жарысын өткізу. Кішкентай сынып жасындағы балалармен жаттығу жұмысын бөлек 12 минут аралығында дене тәрбиесі жетекшісінің нұсқауымен жүзу жөніндегі нұсқаушы, тәрбиеші, топ жетекшілері өткізеді.

Шынығу

Табиғат күштерінің көмегімен шынығу (ауа, күн, су) денсаулықты орнықтыруға, пайдалы гигиеналық дағдыға ие болуына септігін тигізеді.

Шынығу процедураларын бірте-бірте, жүйелеп және балалардың жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып өткізеді. Шынығуға ауа, күн, су процедуралары кіреді – сүртінуге, ақтарып құю және шомылу. Процедураларды әртүрлі денені шынықтыратын жаттығулармен өткізу керек.

Ауамен шынығу (ауа ванналары) процедурасын 18 ден 20 градус цельсия ауа температурасында қолданады. Ауа ванналарын шолақ дамбалда (қыздар шомылғы киімдерінде) қабылдайды. 14-17 градус температурасында балалар қалың шынығу космтюмдерінде болулары керек. Ауа ванналарын таңертең және кешқұрым 10-15 минут ұзақтығында қабылдайды, ал мезгіл ортасында 2 және одан да көп сағатқа созуға болады.

Күнмен шынығу (күн ванналары) процедураларын жабдықтандырылған қалқалармен, саңырауқұлақтармен су қоймасы жағасында өткізу. Ең жақсы уақыт 10-нан 12 ге дейін және тамақтанып алғаннан кейін бір жарым сағаттан ерте емес. Бірінші сеанс ұзақтығы – 5-10 минуттан ұзақ емес. Денені тегіс күнмен әшкерелейді: ең алдымен кеуде, сосын іш, кейін арқаның оң, сол жақтарын. Барлық балаларда жеңіл бас киімдері болу керек. Күн ванналарын күн сайын 5 минутқа ұзартып отырады және мезгіл ортасында оны 7-10 жастағы балалар үшін 20-40 минутқа, 11-15 жастағы балалар үшін 50-60 минутқа ұзартуға болады.

Сумен шынығу – сүртінуге, ақтарып құю және шомылу.

Сүртінуге – күн сайын таңертеңгі жаттығудан кейін денені сулы қолмен сүртінуге, алдымен қолды, мойынды, кеудені, арқаны, ішті, аяқтарын, сосын денені құрғақ орамалмен сүрту. Сүртінуге ұзақтығы күнсайын 5 минут.

Ақтарып құю – денеге суды қолмен, шелекпен, құмықпен құйып отырады, су құю ұзақтығы күн сайын 30 секундтан 2 минутқа дейін, су температурасы бастапқыда 29-30 градус.

Шомылу – су таза, жаға құмды, жаға бойының ұзындығы 30 метр, ені 15 метр болуы керек. Ағу жылдамдығы қатты емес (минутына 10 метр).

Су қоймасының ені 20 метрден, тереңдігі 120 см. көп болмауы керек. Түбі қатты, тегіс, шұңқырсыз, ортасына қарай төменірек. Су қоймасының ауласы қоршатылады. Шынығу орындарын құтқару және оқу құралдарымен жабдықтау керек (құтқару орталары, жүзу тактайшалары, доңалақтар, доптар, сонымен қатар құтқару қайықтары).

Спартакиада

Спартакиада барлық мезгіл бойы 2 кезеңде өтеді:

- 1) топтағы сайыстар;
- 2) жалпы лагерлік сайыстар (топтық);

Спартакиада өткізу дайындықтарын және қорытынды өткізуді қосады.

Топтағы сайыстарды 2-3 күн аралығында өткізеді, мәселен:

- 1 күн жүгіру 30-60метр, жүгіріп ұзындыққа секіру;
- 2 күн – жүгіріп жоғарыға секіру,
- 3 күн – винтовкадан ату, ойындар.

Финалдық сайыстар 2 күн өткізіледі.

- 1 күн – спорттық ойындар сайысы;
- 2 күн – жүзу бойынша жарыстар (немесе «Нептун» мерекесі).

Спартакиада финалдық бөлімінің ашылу және жабылуы салтанатты түрде, безендірілген лагерь стадионында жалаудың төмен түсірілуімен өткізілуі тиіс.

Спартакиада жағдайы туралы

I. Спартакиада мақсаты мен міндеттері:

Спартакиада «Спорт – дені сауды жақсы көреді» ұранымен өткізіледі. Сайыстар балаларды сауықтыру, оларды дене тәрбиесі мен спорт жүйелі сабақтарына қызықтыру мақсатында өткізіледі.

Спартакиада міндеттері.

1. барлық оқушыларды сайысқа қатысуға шақыру;
2. көптеген комплекс нормаларын өткізуді дайындау;
3. көпсайыс бойынша лагерьдің үздік спортшылары мен топтарын анықтау.

II. Спартакиаданы өткізу уақыты мен орны.

Спартакиада 2 кезеңнен тұрады:

Біріншіден:отрядтағы сайыстар;

Екіншіден – финалдық, жалпы лагерьлік сайыстар.

Бірінші кезең сайыстары бекітілген кестеге сәйкес лагерь стадионында және су станцияларында өткізіледі.

III. Спартакиаданы басқару.

Спартакиададағы сайыстарды жалпы басқару дене тәрбиесі, бастаушы және жүзу жөніндегі нұсқаушы педагогтарына жүктеледі. Топ сайыстарын әр топтың жетекшілері, тәрбиешілері және дене тәрбиесі белсенділері ұйымдастырып, өткізеді. Спартакиаданың финалдық сайыстарын лагерьдің қазылар алқасы өткізеді.

IV.Спартакиада сайыстарының бағдарламалары мен шарттары

Топтық сайыстар бағдарламасына кіреді:

А) 7-9 жастағы балалар үшін (3 топтар):

30 метрге жүгіру, жүгіріп ұзындыққа жоғарыға секіру, 25 метрге жүзу, доппен эстафета және кіші-баскетбол;

Б) 10-11 және 12-13 жастағы балалар үшін (2 топтар):

-көпсайыс – 30-60 метрге жүгіру;

жүгіріп ұзындыққа, жоғарыға секіру;

теннис добын алысқа лақтыру;

25 м. және 50 м. жүзу уақыты шектеусіз;

волейбол, қол добы және стөл теннисі.

В) 14-15 жастағы балалар үшін (1 топтар): көпсайыс – 60м. жүгіру, 300м. кросс (қыздар) және 500 м. (ұлдар), жүгіріп ұзындыққа, секіру, теннис добын алысқа лақтыру, 50 м. жүзу, волейбол, қол добы, кіші-баскетбол және стөл теннисі.

Спартакиада финалдық сайысының бағдарламасына кіреді:

А) 7-9 жастағы балаларға:

30 метрге жүгіру, жүгіріп ұзындыққа секіру, теннис добын алысқа лақтыру, 25 м. жүзу уақытты есепке ала отырып;

Б) 10-11 жастағы және жеке 12-13 жастағы балаларға:

-көпсайыс – 30(60)м. жүгіру, жүгіріп ұзындыққа секіру, теннис добын алысқа лақтыру, 25 м.немесе 50м., уақытты есепке ала отырып жүзу;

В) 14-15 жастағы балаларға: көпсайыс – 60 м. жүгіру, жүгіріп ұзындыққа секіру, теннис добын алысқа лақтыру және 50 м. жүзу.

Сонымен қатар, спартакиада сынағынан тыс волейбол, кіші-баскетболдан, футболдан, стол теннисінен жасақ топтары аралығында блицтурнирлер өткізу (үлкендерге бөлек, ортаңғыларға және кішілерге).

V. Сайысқа қатысушылар және топтар құрамы.

Топтағы сайыстарға қатысуға дәрігердің рұқсаты бар барлық оқушылар шақырылады. Финалдық сайыстарға жасақ топтары қатысады: әрбір топқа 5 қыз бала және 5 ұл баладан. Сайыстың кез-келген түрінде топтың қатысушыларын ауыстыру шектелмейді.

VI. Қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау.

Көпсайыс бойынша жеке біріншілік балалар мен қыздар үшін жастары бойынша бөлек анықталады. Жеке сайыстар жеңімпаздарын сыйлықтармен және мақтау қағаздарымен марапаттайды, ал екінші, үшінші орын алғандарды – тек мақтау қағаздарымен.

Көпсайыс бойынша топтық біріншілік сайыстың барлық түрі бойынша неғұрлым көп ұпай жинағаны бойынша анықталады.

Спорттық ойындар бойынша блицтурнир жеңімпаздары да сыйлықтармен және мақтау қағаздарымен марапатталады, екінші, үшінші орын алғандар – мақтау қағаздарымен.

«Нептун» сулы спорттық мерекесі

Мерекені кезекшілік соңында, жүзу жөніндегі жұмысты қорытындылау кезінде жүргізеді. Мерекені дайындауды лагерь меңгерушісі мен үлкен бастаушы басқарады. Мереке бағдарламасын құруды лагерьдің жүзу жөніндегі нұсқаушысына, дене тәрбиесі және саздық жұмыс бойынша педагогтарына жүктейді.

Топ жетекшілері және тәрбиешілер басшылығымен балалар мыналарды дайындайды:

- құрал-жабдықтар, сахналау, ойын, би костюмдерін, маскалар;

- «Нептун» киімдері, оның нөкерлерін;

- «Русалкалар», «Дельфиндер» тақпақтарын, өлеңдерін шығарады.

Мерекеді көрсету жүзулерін, фигуралық жүзулер, суға секіруді өткізу. Ауысым басында, массалық шомылу барысында суға Нептунның барлық балалар жүзуді үйренді деген бұйрығымен бөтелкені лақтыруға болады. Бұйрықты жалпы лагерлік жиналыста хабарлау қажет, кейін су станциясынан шығаруға болады. Мерекеге санаулы күн қалғанда жүзу бойынша топтық жарыстар өткізіледі, онда үздік жүзушілер айқындалады.

«Нептун» мерекесінің жоспары

Мерекені салтанатты түрде ашуға бекітілген уақытта су станциясының жанындағы жерде жалпы лагерьлік жиналыс өтеді.

Жасақ басшылары үлкен топ жетекшісіне Нептун бұйрығының орындалғаны туралы рапорт береді: қанша бала жүзе біледі, кім жүзуді үйренбеді. Су станциясына Нептун өзінің нөкерлерімен («русалкалар», «дельфиндер», «балықтар») қайықта жүзіп келеді. Нептун шығады, үлкен топ жетекшісі оған балалардың саны, жүзуді үйренгендері және үйрене алмағандар туралы рапорт береді. Нептун балаларға қысқа ғана сәлем беріп, лагерьдегі үздік жүзгіштер мен

өзінің нөкеріне сайыс жалауын көтеруді тапсырады. Нептун жүзуді үйренбеген балаларды жазаға алуды бұйырады.

Жасақтар арасындағы сайыс басталады. Бірінші болып 7-9 жастағы оқушылар 25 м қашықтыққа жүгіреді. 10-13 жастағы оқушылар 50 м қашықтықта, үлкен жасақтың балалары 50 немесе 100м қашықтықта (бастау сәтінің ережесін және жүзудің әдістерін алдын ала хабарлап қояды). Жарыстың соңында Нептун жеңімпаздарды сыйлықтармен, мақтау қағаздарымен марапаттайды.

Мерекенің екінші кезеңі басталады: «дельфиндер» жүзудің әртүрлі спорттық тәсілдерін көрсетеді, «русалкалар» музыкамен фигуралық жүзуді көрсетеді, «балықтар» суға секіруді көрсетеді, арнайы дайындандырылған жас жүзгіштер тобы батқандарға көмек көрсетеді, суға комикалық секіру (жалғыз және топпен) және т.б.

Мерекенің осы бөлімінің бағдарламасына жүзудегі әртүрлі эстафеталарды, құрама эстафеталар, қосымша жүзулер, сонымен қатар судағы ойындар және т.б.

Дәрігерлік – педагогикалық бақылау

Балалар организмінің физикалық жүктемелерге реакцияларын анықтауға субъективтік және объективтік әдістер көмегі арқылы қол жеткізіледі.

Субъективтік әдіс: сұрау, терінің бөлінуін, тыныс алуын және терінің өңін қадағалау.

Объективтік әдіс: жүрек соғысын, тынысын, дене қысымын, температураны, дене салмағын, қолды қысу күшін тіркеуге алу. Жарыс өткізу барысында дәрігер қатысуы міндетті. Жарыс алдында дәрігер бағдарламамен және оны өткізу жағдайларымен, ұзақтығы және жүктеме көлемімен танысуы қажет.

Балалардың шаршау белгілерінің шамамен алғандағы сызбасы

Белгілері	Қалыпты Жүктеме	Үлкен	Жоғары
Тері реңі	Аз ғана қызару	Күрделі қызару	Қауырт қызару, құп-қу болып кету
Тершеңдік	Аз ғана	Үлкен (белден жоғары)	Ерекше қауырт денедегі тұздардың томпаюы
Тыныс	Жиіленген, тегіс	Едәуір жиіленген. Ауыз арқылы мерзімді тыныс	Қауырт жиілену Ауыз арқылы жоғарғы тыныс алу, тынығу
Қозғалыс	Сергек жүріс	Сенімсіз адым, теңселу.	Қауырт теңселу.
